

Жобаның қысқаша мәліметі

Атауы	AP19576593 «Қазақстандық кәсіпорындардағы жауапты өндіріс ТДМ-12 қол жеткізу құралы ретінде: әлеуетін бағалау және даму перспективалары»
Өзектілігі	Жауапты өндірісті дамыту тақырыбы БҰҰ 2015 жылы ұсынған 17 тұрақты даму мақсаттарының 12-бағыты «Жауапты өндіріс пен тұтынуға» сәйкес келеді. БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы мәлімдеуінше, SDG 12.1.1 индикаторы бойынша әлемде 71 ел және Еуропалық Одақ тұтыну мен өндірістің оңтайлы үлгілеріне көшуді ұлттық стратегияға басымдық ретінде қосқан. Ал Қазақстанда 17 ТДМ ішінде «жауапты өндіріс пен тұтыну» ең аз қаржыландырылған бағыт болып отыр (үлесі небәрі 0,2%). Жауапты өндіріс кәсіпорындарда ресурстарды үнемдеу, шығындарды азайту, өнім сапасын жақсарту, қоғам және тұтынушылардың заманауи талаптарына сай болу, әлеуметтік жауапкершілікті арттыру арқылы көптеген артықшылықтар береді.
Мақсаты	Жобаның мақсаты – қазақстандық кәсіпорындардағы жауапты өндірістің ағымдағы деңгейін талдау және бағалау, сонымен қатар тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін жауапкершілік қағидаттарын пайдалануды ынталандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.
Міндеттері	1. «Жауапты өндіріс» түсінігінің теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу 2. Кәсіпорындарда жауапты өндірісті дамытудың шетелдік тәжірибесін салыстыру (бенчмаркинг) 3. Сапалық және сандық зерттеу әдістерін қолдана отырып, қазақстандық кәсіпорындарда жауапты өндірістің қазіргі жағдайын және даму болашағын талдау. 4. Қазақстан аймақтарындағы отандық тәжірибеден жеке кейстерді зерттеу: 5. Қазақстандық кәсіпорындарда жауапты өндірісті ынталандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу 6. Зерттеу нәтижелерін көпшілікке диссеминациялау мақсатында оқу кейстері мен материалдарын әзірлеу
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	1. Жауапты өндіріс ұғымының теориялық-әдіснамалық негіздері қарастырылып, басқа тұжырымдамалармен салыстырмалы түрде талдау жүргізілді. Зерттеу барысында халықаралық және отандық әдебиеттерге шолу жасалып, жауапты өндіріс ұстанымдарының жаһандық даму үрдістері сараланды. 2. Халықаралық тәжірибе негізінде жауапты өндірісті дамытудың түрлі модельдері мен құралдары талданды. Дамыған елдердегі корпоративтік тәжірибелер мен мемлекеттік реттеу бағдарламаларына шолу жасалды. Бенчмаркинг әдісі арқылы өндірістегі жауапкершілік деңгейін бағалауға қолданылатын көрсеткіштер анықталды. 3. Қазақстандық өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарында жауапты өндіріс қағидаларын енгізу деңгейі эмпирикалық тұрғыда бағаланды. Сауалнама және екінші реттік деректерді талдау нәтижесінде отандық кәсіпорындардың қоршаған орта, ресурстық тиімділік, әлеуметтік жауапкершілік бағытындағы қызметінің ерекшеліктері айқындалды. 4. Кәсіпорындардағы нақты мысалдарға негізделген кейстік зерттеулер дайындалды. Отандық және шетелдік 16 компанияның тәжірибесі қарастырылып, олардың жауапты өндіріс саласындағы қызметі сипатталды. Бұл кейстер өндірістік үдерістерді қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкестендір, әлеуметтік жауапкершілікті арттыру және тұрақты даму стратегияларын енгізу аспектілерін қамтиды. 5. Жауапты өндірісті дамытуға арналған ұсыныстар әзірленді. Мемлекеттік деңгейдегі ұсыныстар қаржыландыру мәселелері, реттеуші тетіктер және адами капиталды дамыту бағыттарын қамтиды. Кәсіпорындар үшін экологиялық стратегияны енгізу, қызметкерлердің қатысуын арттыру және тұрақты өндіріс дағдыларын дамыту бойынша ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, олардың идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелері	1. Жидебекқызы Ақнұр – жоба жетекшісі, PhD, қауымдастырылған профессор. Web of Science ResearcherID AAV-8130-2020. Scopus ID – 57192831004 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57192831004 ORCID ID: http://orcid.org/0000-0003-3543-547X 2. Котаскова Анна – PhD, Ассистент-Профессор. Scopus ID – 57200041479. Researcher ID – AAD-8105-2019 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57200041479 ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-7185-6541 3. Темербулатова Жансая Сериковна – PhD. Scopus ID – 57211475705 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57211475705 ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-3205-0948 4. Молдабекова Айсулу Турсынбаевна – PhD. Scopus ID – 57207841308 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57207841308 ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-4330-5595 5. Калмакова Динара Танатқызы – PhD. Scopus ID – 57207842878 https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57207842878 ORCID ID: https://orcid.org/0000-0002-2733-8023 6. Амангельдиева Бірғаным Асқарқызы – докторант. Scopus ID – 57918883300. https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57918883300 ORCID ID: https://orcid.org/0000-0003-3466-5871
Басылымдар тізімі және олардың сілтемелері	<i>Scopus базасында индекстелетін журналда жарияланған мақалалар:</i> 1. Zhidebekkyzy, A., Temerbulatova, Zh., Kotaskova, A., & Németh, P. (2024). Catalysing responsible production: Evaluating the impact of EPR system on manufacturing enterprises. Journal of International Studies, 17(2), 178-190. http://dx.doi.org/10.14254/2071-8330.2024/17-2/9 (Scopus CiteScore – 89 процентиль) https://jois.eu/?884,en_catalysing-responsible-production-evaluating-the-impact-of-epr-system-on-manufacturing-enterprises 2. Zhidebekkyzy, A., Moldabekova A., Bilan, Y. (2025). Responsible production in Kazakhstan’s manufacturing sector: An empirical assessment of environmental, operational, and social drivers. Environmental Economics, 16(2), 119-133. http://dx.doi.org/10.21511/ee.16(2).2025.09 (Scopus CiteScore – 89 процентиль) https://www.businessperspectives.org/index.php/journals/environmental-economics/issue-490/responsible-production-in-kazakhstan-s-manufacturing-sector-an-empirical-assessment-of-environmental-operational-and-social-drivers <i>ҚР ҒжЖБМ ҒЖБСҚЕК ұсынған журналдарда жарияланған мақалалар:</i> 1. Kalmakova D., Moldabekova A., Amangeldiyeva B. (2023). Decoupling economy from natural resources consumption and environmental pressure: analysis of Kazakhstani case. Journal of Economic Research & Business Administration, Vol. 145 No. 3.57-73 p. https://doi.org/10.26577/be.2023.v145.i3.06 https://be.kaznu.kz/index.php/math/article/view/2702 2. Zhidebekkyzy, A., Kalmakova, D., & Kotaskova, A. (2024). Responsible Production: A Systematic Review and Future Research Directions. Eurasian Journal of Economic and Business Studies, 68(2), 50–73. https://doi.org/10.47703/ejeb.v68i2.380 https://ejeb.com/index.php/main/article/view/380 3. Zhidebekkyzy, A., & Amangeldiyeva, B. (2025). The Influence of Economic and Environmental Factors on the Adoption of Responsible Production Standards. Eurasian Journal of Economic and Business Studies, 69(1), 97–110. https://doi.org/10.47703/ejeb.v69i1.477 https://ejeb.com/index.php/main/article/view/477

Патенттер туралы ақпарат	-
-----------------------------	---